

# НУРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 10 (46334)  
ВТОРНИК,  
7 марта  
2006 года

Издаётся с 1 мая 1963 года

ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКЕ АКИМАТА И МАСЛИХАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА

ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ

## МЕРОПРИЯТИЯ

по реализации предложений и замечаний населения, поступивших в ходе подготовки и проведения отчетной встречи акима Нуринского района в 2006 году

№ п/п	Содержание предложения, замечания	Автор, адрес	Мероприятия	Форма завершения	Срок исполнения	Ответственные за исполнения
1	Благоустройство населенных пунктов	Фаденрот А.В. с.Тассуат Мамбаев С.А. с.Жарсапай Айтжанов М.А. п.Киевка	Принять распоряжение акима района и акимов сел. Разработать план мероприятий по благоустройству.	Распоряжение акима района и сел (поселка). План мероприятий с указанием конкретных сроков.	27.03.2006	Акимы сел и поселка: Осипов Н.Ш., Аким с.Тассуат, Билалов Б.С. - аким с.Жарсапай, Шайжанов Б.К. - аким п.Киевка
2	Пенсии и пособий	Акианова А. с.Ахметулы Рамазанова К. с.Шахтерское Гавриш М. с.Шахтерское	Разобраться по каждому обращению и принять меры	Открыты заявлениям акиму района	До 20.03.2006	Есмагамбетова А.К. - заместитель акима района, Жулепова Г.Т. - зав.отделом занятости, Сатенова З.Т. - начальник ЦПП
3	Работы объектов здравоохранения	Магистров В.М. с.Тассуат Бокаева Б.К. с.Издец	Рассмотреть вопрос совместно с лоз. субъектами Направить письмо в областной департамент здравоохранения	Ответ заявителям акиму района Решить вопрос приобретения медицинского оборудования и инвентаря	До 01.06.2006 III квартал 2006г.	Есмагамбетова А.К. - зам. акима района, Гельсая Б.О. директор РМО
4	Работы объектов образования	Ильясова З. с.Майоронка Кусанова Х.Р. с.Жанбобек Макутов З.М. с.Карой Кочешев Т.П. с.Ивановка Жамаганбетов М.А. с.Издец Седойкина Л.В. с.Заречное Жумадильдина Р. с.Барышно Осипова А.Т. п.Киевка Жетисбаев Н. с.Караклека	Заявить на ремонт текущий ремонт средних школ в 2006г. Подготовить письмо в областной департамент образования СНП Барышно, СНП Издец и спортзал СНП Заречное запланировать капитальный ремонт 2006-2007гг., провести экспертизу Решить вопрос проведения спортивных занятий в удобное время в спортивном зале «Нұра» Рассмотреть и выделить спортинвентарь.	Провести ремонт Письмо в областной департамент образования Письмо в областной департамент образования СНП Барышно, СНП Издец и спортзал СНП Заречное Проведение занятий. Выделить.	До 01.09.2006 До 20.03.2006 До 20.03.2006 До 15.03.2006 До 01.08.2006	Есмагамбетова А.К. - заместитель акима района, Сагынбеков С.Н. - зав.отделом образования Есмагамбетова А.К., Сагынбеков С.Н. Сагынбеков С.Н. - зав. отделом образования, Баранова О.А. - зав. ДЮСШ
5	Работы объектов культуры	Голуб Е.Г. с.Ивановка Акимова Б.К. с.Керушан Рустем К. п.Шубарколь Ханитов М. с.Кулантупыс	Поручить выйти в письменном виде в областной департамент культуры исполнение плана на 2007г., проведение ремонта. Решить вопрос приобретения музыкальных инструментов и инвентаря.	Письмо Приобрести.	До 27.03.2006 До 01.07.2006	Есмагамбетова А.К. - заместитель акима района, Кутжапова Р.К. - зав.отделом культуры и развития языков. Кутжапова Р.К. - зав.отделом культуры и развития языков.
6	Ремонт строительства дорог	Пуниски Т.П. с.Пржевальское Батура В.П. с.Ирбатовское Калыбердиев М. с.Жарсапай Андажуров Т. с.Кулантупыс Усабаев Д. п.Шубарколь Сарсеков И. с.Текенки Утебаев К. с.Каракаска Сыдыков К. с.Ташдысай Тасуев Е. с.Барышно	Письмо в областной орган о включении в план финансирования работ 2007г. и разработать ПСД	Письмо	До 27.03.2006	Кочешев Б.Б. - зам. акима района, Осипов К.Т. - зав.отделом ЖКХ, автотранспортных дорог
7	Транспортное обеспечение	Смагулов Б.М. с.Тассуат Гульямедов З.С. с.Издец Ибагалиев О. с.Жарсапай	Взять на контроль.	Обеспечить возобновление маршрута	До 20.03.2006	Кочешев Б.Б. - зам. акима района, Осипов К.Т. - зав.отделом ЖКХ, автотранспортных дорог
8	Безработица	Арипова А. с.Ахметулы Авсанов Т. с.Соналы	Дать поручения акимам сел о разрешении данных вопросов через общественные работы	Трудоустройство	До 10.04.2006	Жулепова Г.Т. - зав.отделом занятости, Кармышева Б.К. - аким с.Ахметулы, Каримов К.Н. - аким с.Соналы

9	Обеспечение питьевой воды	Киреев Ш.Т. с.Пржевальское Прокоп Г.Г. с.Шахтерское Мухамедов Ш.С. с.Амантау Абильдин Б.Р. с.Жарсапай Токубаев Ж. с.Кулантупыс Бекмамбетов Ж. с.Балыктыколь Авдирон М. с.Текенки Турлыбеков Г.Т. с.Ташдысай Кырыбаев Ж. с.Жанбобек Иттыкаев К.А. п.Киевка	Взять на контроль выполнение мероприятий по возобновлению (сез. Жарсапай и Кулантупыс первоочередные).	Обеспечение водоснабжения	По отдельному графику	Кочешев Б.Б. - зам. акима района
10	Развитие сферы услуг	Жулепова Г.Т. с.Тассуат Старцева Л. с.Тассуат Калаубаева М. с.Амтау Самойлов Т.Ф. с.Заречное Осипов К. с.Балыктыколь Муканова А.Ж. п.Шубарколь	Подготовить предложение в областные органы о расширении телефонной сети района и улучшения качества связи.	Письмо	До 27.03.2006	Кочешев Б.Б. - зам. акима района, Билалов П.М. - начальник РУТ
11	Земельные вопросы	Жаулова Б. с.Кейтулик Шарбеков А. с.Пржевальское Прокоп Г.Г. с.Шахтерское	Рассмотреть вопросы каждый индивидуально.	Открыты заявлениям согласно земельного законодательства	До 01.05.2006г.	Кочешев Б.Б. - зам. акима района, Осипов Ж.О. - зав.отделом земельно-имущественных отношений

Примечание: по 40 обращениям ответы даны на отчетной встрече.

### УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Редакция районной газеты «Нұра» приносит свои извинения за ошибочную публикацию «Мероприятий по реализации предложений и замечаний по отчетам акима района» за прошлый год. В связи с чем, дополнительный наш этот номер исправит оплошность, а заодно и предоставит возможность сравнить результаты отчетных встреч, где, внимательно проследив план мероприятий по этому году, можно убедиться - насколько уменьшились у сельчан вопросы в адрес акима. А это значит, что за прошедший год проделана огромная работа, учтены все предложения и замечания.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ОҚЫҒАНДА

## Жасампаздыққа жаңа жол ашты

Елдің аманатын орындау үшін халықтың болашағына кең жол ашу, соның негізінде тұрмыстық жағдайды жақсартуға айрықша мән беріп беріп біздің мемлекетіміздің ұстанып отырған басты қағидасы десек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған кешегі кезекті Жолдауы осы мақсатты тағы айқындай түсті.

Өйткені, бұл Жолдау халқымызды жаңа өмірге бастай отырып, республикамыздың ішкі және сыртқы саясатын айқындау арқылы ең бірінші қазақстандықтардың тұрмыстық жағдайына айрықша мән берген. Атап айтқанда, Елбасының халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін алға тартуы үйсіз жүргендерге жасалынған қамқорлықтың басты нышаны дер өдім.

Рас, экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстан өркениетті елдермен терезесі тең дәрежеге жетуге нық қадам басқандығы баршамызға аян. Соның негізінде халықтар арасында тұрақтылық пен достық қарым-қатынас нығайтып, ұлттар түсіністігіне кең жол ашылуға.

Ең бастысы, Жолдауда айтылған бағыт-бағдарламаларды орындауда бәріміз аянбай еңбек етуіміз керек.

Алда әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылу Стратегиясы тұр. Биыл Жолдаудың ерекшелігі кәсіпкерлікті дамыту және меншік институттарын нығайту, ұлттық міндеттерді шешуде бизнестің өлеуметтік жауапкершілігін арттыру, білім саласында елдің сынайы экономикалық қажеттілігіне және индустриалды-инновациялық даму мақсаттарына сәйкес ұлттық басқару мектебі мен ғылыми орталықтарды қалыптастыру, өнеркәсіп секторын дамытып отырып, негізгі міндет – селонь индустрияландыру, ішкі және сыртқы рыноктардың қажеттілігін қанағаттандыра алатын бәсекеге қабілетті қайта өңдеу өндірістерін өркендету жоспары тұр.

Құқықтық мемлекет құрып демократиялық даму жолын таңдап алған мемлекетіміз өркениет көшінен бір сәт қалмайды. Өйткені біздің қоғамымызда халық мүддесі қашанда биік. Сондықтан бұл Жолдаудағы талаптардың орындалуына, тұрмыс-тіршілігіміздің жақсаруына, өміріміздің нәтижелі болатынына сенемін!

Ж. МҰХАМЕДЖАНОВ,  
аудандық Мәслихаттың депутаты,  
«Отан» партиясының мүшесі.

# Шын жүректен құттықтаймын

Халықаралық әйелдер күні мен өзімнің анам Нұрбекова Қарлығаш Әбілдіқызы туралы сөз қозғағым келеді.

Қиын да, қысылтаяң кезде шыдамдылықпен, ақылмен, мейіріммен аялай мөпелеп, еркелігімізді кешіре жол сілтеген, ардақты Ана, мен шын жүректен сізге алғысымды білдіргім келеді.

Анам 38 жыл бойы ұстаздық еңбек етіп, басқа адамдарға құрмет көрсете отырып, аяулы ана, ұстаз, шәкірттерінің ақылшысы аталды. Әр оқушыға елін сыйлауды, ата-ананы құрметтеуді бала санасына жеткізе, өмірге көзқарасын қалыптастыруда зор еңбек сіңірді.

Әкем Әшербай Тәжібайұлы екеуі 39 жыл бірге отасып, 2 ұл және 3 қыз өсіріп, олар-

дың барлығына жоғары білім алдырды. Соның бірі мен ана жолын қуып ұстаздық мамандығын таңдадым.

Мен анамды мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, сонымен қатар Әкемді туған күнімен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, таусылмас бақыт, отбасыларыңыз аман болып, балаларыңыздың, немерелеріңіздің қуанышына бөленіп ортамызда жүре беріңіздер, - деген тілек білдіремін.

**ИМАНБАЕВА**

Шынар Әшербайқызы,  
Пржевальский ауылы.

# ЖОЛДАУДЫ ОҚЫГАНДА

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Елбасының халыққа арнаған кезекті Жолдауы шаруашылық ұжымының арасында зор қолдауға ие болды. Өміршең тұжырымдаманың қабылдануынан да көтеріңкі көңілмен қарсы алған жұмысшылар мен қызметкерлер қауымы Жолдауды алға қойылған айқын жоспар екенін жақсы түсінеді. Сондықтан олар жұмыстарын ширатып, алдағы уақытта алдыңғы биіктен көріңгері келеді.

Әрине, ауыл шаруашылығы әлі де болса баса назар аударуды қажет етеді. Нақтылап айтар бұлақ, бірінші кезекте, лизинг негізінде шаруашылықтарға жаңа техника

ауадай қажет. Астық тұқымы да терең талдау үстінде. Ауыл шаруашылығы өнімдерін реттейтін цехтар, бөлімдер ашып, олардың тұтыну бағаларын өнеркәсіп тауарларының бағаларымен теңестірген абзал.

Елбасының халыққа арнаған Жолдауын біз қолдаймыз, оны біз іс жүзінде дәлелдеп береміз. Елбасының Жолдауы жараспайлықтардың ойынан шықты, біз осыған қуаныштымыз.

**С.ҚОҢЫРБАЕВ,**

Жараспай ЖШС-нің директоры,  
облыстық Меслихаттың депутаты.

### ОТКЛИКИ НА ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА НАРОДУ КАЗАХСТАНА

## Наши надежды оправдались

С большим интересом медицинские работники Нуринского районного медицинского объединения, где я работаю врачом-терапевтом, восприняли очередное Послание Главы государства Н. А. Назарбаева, с которым он выступил 1 марта в прямом эфире. В этом программном документе он назвал те приоритетные задачи, успешное решение которых будет способствовать вхождению Казахстана в число пятидесяти наиболее развитых государств мира. Не обошел вниманием наш Президент и такой важнейшей отрасли, какой является здравоохранение. В Послании было отмечено, что необходимо уже в этом году завершить работу по реализации пакета законодательных административных реформ в здравоохранении с учетом новых задач, связанных с переходом на международные стандарты, что в самом ближайшем будущем появятся новые клиники самого высокого уровня, к 2007 году будет разработан проект Кодекса о здоровье народа. И, конечно, нельзя не приветствовать идею дифференцировать

оплату труда медицинских работников в зависимости от конечного результата трудового вклада с учетом его качества, объема, сложности оказываемой медицинской помощи, а также уровня квалификации. Работники здравоохранения давно ожидали объективного решения этого вопроса, и мы тоже разделяем мнение, что принцип: от каждого - по способностям, каждому - по труду в рыночных условиях вполне справедлив.

Уверена, что, слушая Послание Президента, каждый из нас испытывал гордость за свою страну и ощущал себя причастным к великому государству, имя которому Республика Казахстан. Считаю, что поставленные в Послании задачи могут и должны быть выполнены, и горячо поддерживаю мудрые идеи Главы нашего государства.

**Б. МУКУШЕВА,**  
врач-терапевт,  
заведующая  
стационаром,  
районной больницы.

### ОТКЛИКИ НА ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА НАРОДУ КАЗАХСТАНА

## Чем образованнее государство, тем оно сильнее

Этот древний постулат находил свое подтверждение на протяжении столетий. В частности, свидетельством этому могут служить и высказывания из Слов Назидания великого казахского поэта и просветителя 18 века Абая Кунанбаева. Еще острее начинаешь понимать, что страна, не умеющая развивать знания, обречена на провал, сегодня, в наш компьютерный век. Именно поэтому так важно, чтобы каждый казахстанец мог быть высокообразованным человеком. И, разумеется, не может не радовать то внимание, которое государство оказывает сфере образования, целенаправленно и системно вкладывая в эту отрасль немалые средства, как пытается путем реформирования и принятия других действенных мер поднять нашу систему образования до международного уровня. Это отразилось и в очередном Послании народу Казахстана, где Н. А. Назарбаев отметил, что наряду с переходом на 12-летнее образование необходимо сохранить 10-летнее образование для же-

лающих выбрать дальнейшее обучение в профессионально-технических учебных заведениях, создать условия для получения образования на протяжении всей жизни человека, как это делается во всем мире. Для развития системы образования будет укрепляться партнерство между частным сектором и государством в целях стимулирования системы частного кредитования. Из студентов, обучающихся по программе «Болашақ», будет формироваться образовательная элита, которой в ближайшем будущем предстоит решать самые сложные задачи, стоящие перед страной. Особое значение придается повышению квалификации и переквалификации кадров. Такой настрой на развитие нашего государства в сфере образования не может не вдохновлять и не укреплять нашу уверенность в будущем страны.

**С. САГИМБЕКОВ,**  
заведующий отделом  
образования  
Нуринского района.

### ОТКЛИК

## Мы изменяемся вместе с нашей страной

В Послании Президента народу Казахстана Нурсултана Назарбаева четко определены стратегические цели государственной социально-экономической политики. Сегодня совершенно очевидно, что во всех отраслях производства закладываются основы конкурентоспособной экономики.

Залогом экономического процветания и политической стабильности любого государства является подрастающее поколение. Понимая жизненную необходимость в патриотичных, конкурентоспособных, высококвалифицированных, инициативных кадрах, Президент большое внимание уделяет сфере образования.

Глава государства конкретно поставил перед страной цель: в течение семи лет войти в число 50 развитых государств мира. И каждый из нас должен способствовать реализации этой идеи на своем рабочем месте. Ведь качественное образование - гарант благополучного государства.

Перед школой стоят большие задачи по формированию личности молодого человека с активной гражданской позицией. Мы должны школьникам давать не только знания, но и давать возможность самореализовываться и самоутверждаться. Для достижения этой цели необходимо разработать государственную модель воспитания будущего поколения.

Из Послания Президента совершенно ясно, что мы не только поступательно развиваемся, страна переходит в качественно новое состояние. Мы, работники сферы образования, стали участниками процесса развития нашего государства, мы изменились к лучшему вместе с нашей страной, и мы готовы сделать все, чтобы на доверенном нам участке выполнить свою миссию.

Наша страна успешно строит демократическое, гражданское общество и социально государство. Реализован цели и задачи, поставленные в новом Послании Президента, мы станем еще сильнее и конкурентоспособнее - в духовном, экономическом, социальном, политическом, интеллектуальном и культурном отношении.

**А. БАСПАКОВА,**  
член партии «Отан»,  
Нуринский район, с. Акмечеть.

### ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

# Шұбаркөлдің шырайы кіріп келеді

Өткен жылы «Шұбаркөл көмір акционерлік қоғамы» өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтіп, тағы бір күрделі нысанды іске қосты. Ол елімізде тұңғыш бой түзеген арнайы кокс зауыты. Міне, 2000-ға тарта жұмыс қолын ашып отырған болашақтың алып өнеркәсібімен бірге 12 шақырым қашықтықта орын тепкен Шұбаркөл кенті де мерейтойға қызу атсалысқан. Бү жерде мәселе бұлардың аттастығы мен құрдастығында ғана емес, одан әлдеқайда терең түсінікте жатыр.

Бұл жөнінде разрездің салтанатты сәтіне алыстан әртелеткен Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының Вице-Президенті Ибрагим Еділбаев және Қарағандыдан барған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің директоры С.Рақымбековпен түррезесін тең салған аудан әкімі Дауылбай Құсайынов сөз кезегінде жете айтқан болатын.

Акционерлік қоғамның астықты өңірге, соның ішінде Шұбаркөл кентіне жасап отырған қолдау-көмегі бір тебе екені, әрине, даусыз. Тек қана аудандық бюджетке түсетін кіріс өсімін келтірсек те жеткілікті болар. Ол 1999 жылмен салыстырғанда 3,23 есеге артқан. Ал тікелей кентке, оның өміршең салалары мен болашағына жұмсалып отырған қаржы көлемі қаншама. Және мұның басым көпшілігі қайырымдылық аясында қайтарымсыз жұмсалатынын да еске сала кеткеніміз жөн. Соның ішінде әлеуметтік саланың күрделі тұстарын толыққанды өз қолдарына алғанын қадағай айту керек.

«Меніңше Нұра-Теніз өңірінде бірде-бір елді мекен коммуналдық қолдауды текке алмайтын шығар, - деді бізбен сұхбатында Шұбаркөл кентінің әкімі Әубәкір Идрисов. - Ал тек қана жылу-су жабдығы мен лас қалдық ағатын құбырды жылма-жыл маусымдық мерзімге сақадай сай әзірлеп, қыс көзі қырауда ақаусыз жұмыс істеулерін қамтамасыз ету, екінің бірінші қолынан келе бермейді. Осындай-осындай қажетімізді ашып, көмек көрсету үшін разрез басшылары жылда 4 миллионға жуық қаржыны біле тұра қайтарымсыз жұмсайды. Сондай-ақ, кент тұрғындарын жұмыспен қамтып, әсіресе мектеп қабырғасынан кейін жоғары оқу орындарына өте алмаған жастарды орналастыруда жасап жүрген қамқорлықтары бір тебе. Жалпы бұлардың кедейшілік пен жұмыссыздықты ауыздықтауда мемлекеттік бағдарды абыройлы орындап отырғанын баса айтқан абзал.

Болашағы айшықты бай кен орны, негізінде жаңа ғасырдың басынан өрлеу алған болатын. Сол кезде өмірге келген «Еуразиялық» жабық акционерлік қоғам елеулі еңбек сіңіріп, бар жаңашылдықтың басында болған. Дегенмен разрезге тың күш, күрделі бетбұрыс 2001 жылдан бастап кірді деп орынды бағаланады. Және оны «Шұбаркөл көмір» АҚ билігін қолына алған президенті В.Приваловпен байланыстырады. Солай екені солай, Валерий Витальевич іскерлігі мен қабылеттілігін тізгінді ала-ақ білдірді. Оған

бұрыннан келе жатқан С.Ким, М.Легошина, С. Иманбаев, Н.Барабанов, Н.Ибырханов, А.Квятковский, А.Сұлтанбеков, Н.Радько, Ж.Төлбаев, Т.Сұлтанбеков тағы да басқа осылар сияқты білікті, тәжірибелі басшы - мамандар қалауын бұзбай орын-орында қазықша қадалуы үлкен себеп болуы, разрездің қалыптаса бастаған қарқыны мен ырғағын сақтап қалды. Қысқасы, разрез басшыларына, соның ішінде Б.Кенжегарин мен Х. Есмағамбетов сынды директорларға және автотранспорт кәсіпорны бастығы А.Сәбденова айтар алғысымыз шексіз.

Сондай-ақ, - дейді сөзін сабақтаған кент әкімі Әубәкір Идрисов, - облыс әкімі Қ.Мұхамеджановтың кейінгі жылдар дәстүрге айналдырған екі жақты Меморандум жасасуы өте тиімді боп жүр. Жалпы Қамалтың Ескендірұлы разрез мүмкіншілігін кент жағдайына бұрып, оның әлеуметтік мәселелерін шешуге тұрақты көңіл бөліп келеді. Мысалы, былтыр осындай тиімді тәсіл аясында жылыту жүйесі мен сумен қамту мәселелеріне қыруар қаржы жұмсалып, тұрғындар суық маусымға тиянақты түсті. Оның үстіне, акционерлік қоғамның 20 жылдығымен тұспа-тұс келген шахтерлер күніне кент жастарына үлкен сый тарту етті. Олардың көптен бері бос қыял боп келген армандары орындалып, жазғы спорт кешені іске қосылды.

Әлбетте, өзіміздің төл ауданымыз, оны басқарып отырған азаматтардың шалғайда жатқан кентке, оның өртенін баянды етуге сіңіріп келе жатқан еңбектері өлшеусіз. Мұның өзі соңғы жылдары астықты өңірдің еңсесі көтеріліп, экономикасы ырғақты қалпына келгенінің айғағы. Нәтижесінде, жалпы Теніз өңіріне қан жүгіріп, Шұбаркөлдің шырайы кіріп келеді. Бұл жерде жетістік сыры Елбасының «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді өміршең бағдары сара жолымен, ұш жылдық, бес жылдыққа нақтылап сілтеп отырған бағытының, тікелей адамға, оның тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына жасал келе жатқан жасампаздық саясатының нәтижесі екенін барша қазақстандық жақсы біледі. Ал, Президенттік сайлау қорытындысы шығарылып, Елбасын ұлықтауға 70 елдің өкілі, соның ішінде -32-сінің бірінші басшыларының қатынасуы, Нурсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың шын мәнінде ұлық екенін, оның әлем мойындаған ұшқыр ойлы саясаткер, кемеңгер мемлекет қайраткері екенін айшықтап берді. Десең те, ол кісінің аузынан шыққанын қарапайым халыққа жеткізу, жүзеге асыру, әрине, жергілікті билік иелеріне, олардың қабылетіне тікелей байланысты. Мұның бір шеті өзіме тиіп тұрғанын да түсінемін. Дегенмен біздерге бағыт-бағдар беріп отырған аудан басшыларының орны бөлек екеніне ешкімнің таласы жоқ шығар. Осы орайда айтарым, аудан әкімі Д.Құсайыновтың Елбасы саясатын күнделікті қызметінде тұрақты ұстанатыны қуанышты жәйт.

Айталық, былтырдан бері бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі біршама өсті. Мұның өзі мектепке, отбасылық

дәрігерлік амбулаторияға және ағымдағы бастан асып жатқан әлеуметтік мәселелердің шешімін табуына үлкен септігін тигізуде. Сондай-ақ, біраз әкімдерге автокөлік бөлінді. Бұл шалғайда жатқан біздер үшін күрделі көмек. Ал бастысы ол, мына алып өнеркәсіп - «Шұбаркөл көмір» АҚ басшыларымен ауданның билік иелері жер қожасы ретінде ортақ тіл табысып, бізге деген қамқорлық аясын кеңейте түсулері, ертеңімізге зор сеніммен қарауға жеткізіп, көңілді марқайтады.

Бізге қолдау-көмекті айтқанда сөз жоқ аудан әкімінің бірінші орынбасары Бекет Қосшығұловты айналып өту мүмкін емес. Өйткені ол кенттің ыстығы мен суығына өзімізше етене араласып, қолдан келген көмегін сарқа жұмсап жүрген елгезек жан. Сондықтан оған көрсетілер сый-сыяпат та ерекше. Бекет Бекпайұлы шұбаркөлдідердің құрмет тұтар азаматы.

Алда жалғасын табар басталған іс аз емес. Соның маңыздысы, кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға баса назар аударып, болашақта азық-түлік пен көкөніс-картоп сияқты тауарлармен өзімізді-өзіміз толық қамтамасыз етуге шығуымыз абзал. Бұл жөнінде Президентіміз Нурсұлтан Әбішұлы Назарбаев кеше ғана өзін ұлықтау салтанатында тағы да өміршең бағыт-бағдар сара жолын жасап берді.

Иә, Шұбаркөлдің шырайы осыдан үш жыл бұрын көргенімдей емес. Тек бос жатқан көп қабатты ғимараттар демесе... Әрине, кент бойына қан жүгіріп, оның екінші тынысын ашуға жергілікті әкімнің сіңіріп жүрген еңбегі сүбелі. Және ол бұл өңірде сырт көз емес, біте қайнаған десе дұрыс. Өйткені 1985 жыл «Қарағандыкөмір» өнеркәсіп бірлестігі бас директоры Н.Дрихті кенті өлкені игеруге кіріскенде, Өбекен осындағы госпиталдың бас тұлғасы болған. Осыдан барып, әкімдікті де бастау қадамынан басқарып келеді. Және «Әкім бол, халқыңа жақын бол» қағида-сы жадында берік ұстайды. Ол бірде:

- «Ә» дегені - әділ бол,
- «Қ» дегені - күншіл болма, көпшіл бол,
- «І» дегені - ілтипатты бол,
- «М» дегені - мәнмен болма, мейірман бол-деп Әнет бабаның Қаз дауысты Қазыбекке айтқан өсиетін тарқатып бергені бар. Негізі кент әкімі атына заты сай білімді азамат. Содан да Ит жылында тұрғындардың тұрмысын жақсартуда және облыс әкімінің қала типті кенттер көбейтіне заман талабына сай ең кіргізуге бағытталған бағдары бойынша келелі іс тындырады деген сенімдеміз.

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**  
Шұбаркөл кенті.

Собственник: КГКП «Редакция Нуринской районной газеты "Нұра" при акиме Карагандинской области.	<b>Редактор Д. Ж. АХМЕТОВ</b>	Газета отпечатана в ТОО «Арко»	За достоверность приведенных в статьях сведений ответственность несут авторы. Уважая мнения наших корреспондентов, редакция не всегда их разделяет.	Индекс 65421 Тираж 2134 Заказ 10
Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 2026-Г выдано 28 мая 2001 года Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан.	Пишите, заходите: 472410, пос. Киевка, ул. Талжанова, 5 а, Нуринского района, Карагандинской области. Звоните: редактору - 22-4-77, корреспондентам - 21-4-37, 22-4-97.	Адрес: г. Караганда, ул. Ленина, 2. Телефон: 41-17-83. Печать офсетная. Объем 1,0 п.л. Газета выходит по субботам		